***Аннотация.*** *В статье рассматривается имплементация международно-правовых норм об уголовной ответственности и наказании несовершеннолетних в уголовное законодательство Республики Казахстан.*

*Большое внимание в статье уделяется Конвенции «О правах ребенка», принятой Генеральной Ассамблеей Организации Объединенных Наций в 1989 году и ратифицированной Верховным Советом Республики Казахстан в 1994 году, поскольку именно в ней впервые были закреплены такие права ребенка, как права: на жизнь, иметь свое имя и гражданство, сохранять индивидуальность, не разлучаться с родителями, образование и профессиональную подготовку, на защиту от произвольного и незаконного вмешательства в его личную жизнь, медицинское обслуживание, а также на свободу выражения своего мнения, мысли, совести и религии, ассоциаций, собраний и другие права, свободы.*

*Вопросы уголовной ответственности и наказания затрагиваются в статье 40 Конвенции. В этой связи автором достаточно подробно рассматривается имплементация норм данной статьи в уголовное законодательство Республики Казахстан.*

*Способом научной полемики и нормативного обоснования раскрывается термин «имплементация». Также в статье широко используются нормы Уголовного кодекса Республики Казахстан и других нормативных правовых актов.*

*По завершении автором сделан вывод о том, что в уголовное законодательство в целом имплементировало международные стандарты, касающиеся уголовной ответственности и наказания в отношении несовершеннолетних. Дальнейшая имплементация в рамках рассматриваемой проблематики, должна проводиться на основе периодического пересмотра уголовного законодательства. Большое значение в этом имеет*

*правовой мониторинг, в рамках которого можно устанавливать нормы права, не соответствующие ратифицированным Казахстаном международным договорам, а также требующие соответствующей имплементации в уголовное законодательство Республики Казахстан, в том числе касающиеся уголовной ответственности и наказания несовершеннолетних.*

# IMPLEMENTATION OF INTERNATIONAL LAW NORMS ON CRIMINAL RESPONSIBILITY AND PUNISHMENT OF MINORS INTO THE CRIMINAL LEGISLATION OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**Sartayeva Natalia**
*Chief Researcher of the department of the criminal-proceeding, criminal-executive legislation and forensic examination of the Legislation Institute of the Republic of Kazakhstan, doctor of law, assistant professor,*
*Astana, Republics of Kazakhstan; e-mail: sartaeva@parlam.kz*

**Mauytkali Nurlan**
*Junior scientist of the department of the criminal-proceeding, criminal-executive legislation and forensic examination of the Legislation Institute of the Republic of Kazakhstan,*
*Astana, Republics of Kazakhstan; e-mail: mautkali.nurlan@mail.ru*

***Keywords:*** *implementation; international-legal law; underage; criminal law; criminal penalty; criminal liability.*

***Abstract.*** *The article deals with the implementation of international legal norms on criminal liability and punishment of minors in the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan.*

*Much attention is paid in the article to the Convention on the Rights of the Child, adopted by the General Assembly of the United Nations in 1989 and ratified by the Supreme Council of the Republic of Kazakhstan in 1994, since it was for the first time that the child's rights such as rights to life, name and citizenship, to preserve the individuality, not to be separated from his parents, education and vocational training, to protection from arbitrary and unlawful interference with his personal life, medical care, and also Bod of expression, thought, conscience and religion, association, assembly and other rights, freedoms.*

*The issues of criminal liability and punishment are addressed in Article 40 of the Convention. In this regard, the author examines in some detail the implementation of the norms of this article in the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan.*

*The method of scientific controversy and regulatory justification discloses the term "implementation". The article also widely uses the norms of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan and other regulatory legal acts.*

*Upon completion, the author concluded that the criminal law as a whole implemented international standards relating to criminal liability and punishment of minors.Further implementation within the framework of the subject matter should be carried out on the basis of a periodic review of criminal law. Of great importance in this is legal monitoring, within which it is possible to establish legal norms that do not comply with international treaties ratified by Kazakhstan, and also require appropriate implementation into the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan, including those relating to criminal liability and punishment of minors.*

«Международное уголовное право» анықтама-сөздігінде халықаралық құқық имплементациясы мемлекет ішіндегі деңгейде халықаралық міндеттемелердің нақты іске асырылуы, халықаралық-құқықтық нормалардың ұлттық заңнамаларға және заңға тәуелді актілерге трансформациялануымен жүзеге асырылатыны түсіндіріледі [1, 52 б.].

Бірқатар елдерде ратификацияланған халықаралық келісімдер автоматты түрде ұлттық заңнаманың бөлігіне айналады [2, с. 242]. Атап айтқанда, Ресей Федерациясының Конституциясына сәйкес (15 баптың 4 тармағы) Ресей Федерациясы құқық жүйесінің құрамдас бөлігі Ресей Федерациясының халықаралық келісімдері және жалпы танылған принциптер болып табылады. Егер Ресей Федерациясының халықаралық келісімінде заңнамадан өзге ережелер бекітілсе, халықаралық келісімнің ережелері қолданылады[1].

[1] *http://www.constitution.ru/10003000/10003000-3.htm*

Бастапқыда, Қазақстан Республикасы Конституциясы 4 бабының 3 тармағында, халықаралық келісімде, оның орындалуы мақсатында жаңа заң шығару талап етілген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық келісімдер, Қазақстан Республикасы заңдарының алдында басымдылыққа ие және тікелей қолданылады[2]. 10.03.2017 жылғы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу» заңымен бұл тармаққа өзгерістер енгізілді. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Конституциясында 4 баптың 3 тармағы, Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық келісімдер, Қазақстан Республикасы заңдарының алдында басымдылыққа ие екенін қарастырады. Қазақстан Республикасы қатысушы мемлекет ретінде жайғасым табатын халықаралық келісімдердің, Қазақстан Республикасы аумағында тәртібі мен қолданылу шарттары Республика заңнамасымен анықталады[3]. Осылайша, халықаралық ратификацияланған келісімдердің жүзеге асырылу құқықтық тетігі жетілдірілген.

Қазақстан Республикасымен ратификацияланған, халықаралық келісімдерге сәйкес қылмыстық заңдардың келтірілу маңыздылығы, 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі құқықтық саясат Концепциясының, 2.8 тармағында атап өтілген[4].

Әрбір мемлекет құқық жүйесі ерекшеліктерін, заңнама ахуалын ескере отырып, халықаралық келісімдер ережелерінің ең қолайлы орындалу механизмін таңдайды. Әдетте, ұлттық қылмыстық заңнаманың, кейінгі қажетті өзгертулерді енгізу немесе мемлекеттің қылмыстық кодексіне ерекше бөлім қосуының не халықаралық конвенциялармен көзделген барлық ережелерді қамтитын бөлек заңның қабылдануының жан-жақты шолуы. Соңғы аспект Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасына сәйкес қолайлы емес екенін ескереді. Себебі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (ары қарай ҚР ҚК) 1 бабы, ҚР қылмыстық заңнамасы, тек ҚР Қылмыстық Кодексінен тұратынын көздейді.

ҚР ҚК ең маңызды құрамдас бөлігі қылмыстық-құқықтық нормалардың толық кодификациялануы, және бұл аспектіде 2014 жылғы ҚР ҚК, Қазақ КСР және 1997 жылғы ҚР ҚК кезінде жазылған, бірден-бір бекітілген қылмыстық құқықтың қайнар көзі қылмыстық заң, деген нормасын сақтап қалды. Бұл ретте, қылмыстық заң, қылмыстық құқықбұзушылық деп танылатын, накты және жан-жақты әрекет тізімін құрайды. Ешбір басқа нормативті-құқықтық акт, құрамында қылмыстық-құқықтық сипатты нормаларды иелене алмайды.

Мәлімделген тақырып шеңберінде, 1989 жылдың 20 қарашасында Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 44-ші сессиясындағы маңызды оқиға, кәмелетке толмаған тұлғалардың ерекше қорғау механизмінің, «Бала құқығы туралы» Конвенцияның (ары қарай Конвенция) қабылдануы. Бұл халықаралық келісім-шарт балалар жағдайын шешудегі тәсілдерін түбегейлі өзгертті. Конвенцияға сәйкес, балалар – кез-келген қауымдастықтың толыққанды мүшелері және олардың нақты құқықтары бар.

Сондай-ақ, Конвенцияда, қатысушы-мемлекеттер барлық көзделген құқықтардың қамтамасыз етілетіні және құрметтелетіні, олардың юрисдикциясы шегінде, қандай да бір дискриминацияға, нәсілдік, тері түсіне, жыныс, тіл, дін, политикалық және өзге пікірлер, ұлттық, этникалық немесе әлеуметтік тегі дискриминацияларына жол берілмей керек екені анықталып, көрсетілген. Сондай-ақ, мүлік жағдайына, денсаулық жағдайына және баланың туылған жер жағдайына, ата-анасының немесе заңды қамқоршысының жағдайларына қарамастан, Конвенцияға қатысушы-мемлекеттер баланы қорғауда барлық қажетті шараларды қаматамасыз етеді. Атап айтқанда, дискриминацияның барлық түрінен, сонадай-ак, мәртебесіне, әрекетшілдігіне қарамастан, баланың өз пікірін айтуда, баланың ата-анасын, заңды қамқоршыларын немесе өзге отбасы мүшелерін қорғауды қамтамасыз етеді[5].

Конвенцияға сәйкес, баланың ең маңызды құқықтары мыналар: өмір сүруге, өзінің есімін иеленуге, азаматтыққа, даралығын сақтауға, ата-анасынан айырылмауға, білімге, кәсіби дайындыққа, ықтиярлы және заңсыз баланың жеке өміріне араласуынан қорғаныста болуына, медициналық қызметке, бала өзінің пікірін немесе ойын еркін білдіруге, дін еркіндігіне, және басқа құқықтарға және бостандықтарға ие.

Қылмыстық жауапкершілік мәселелері Конвенцияның 40-шы бабында көтеріледі. Осылайша, Конвенция, оған қатысушы-мем-

---

*[2] Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года (старая редакция). - Информационно-справочная система «Юрист».*

*[3] Закон Республики Казахстан от 10 марта 2017 года «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан». - Информационно-справочная система «Юрист».*

*[4] Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года «О Концепции правовой политики в Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года - Информационно-справочная система «Юрист».*

*[5] Конвенция о правах ребенка от 20 ноября 1989 года. - Информационно-справочная система «Юрист».*

лекеттер, қылмыстық заңнаманы бұзды деп есептелетін, заң бұзушылық жағдайында кінәлі деп танылса немесе айыпталса, әрбір баланың құқығыналдын ала қарастырады. Мұндай үндеу баланың ішкі абырой және маңыздылық сезімдерін дамытып, адам құқықтары мен бостандықтарына деген құрмет сезімін ұялатады. Мұндай жағдайда, баланың жасы есептеліп, реинтеграция кезіндегі жәрдемдесу талпынысы, қоғамдағы пайдалы рөлді орындауы сияқты факторлар қарастырылады. Бұл мақсатты орындау кезеңінде, қатысушы-мемлекеттер халықаралық құжаттарды назарға ала отырып, атап айтқанда мынандай жағдайларды қамтамасыз етеді:

а) Ешбір бала қылмыстық құқықты бұзды деп есептелмейді, егер заң бұзушылық орындалу кезінде, ұлттық немесе халықаралық құқықпен тыйым салынбаса, бала заң бұзушылық жағдайында әрекет ету немесе әрекетсіздік себебімен айыпталмайды.

b) Қылмыстық заңнаманы бұзды деп айыпталса немесе бұзды деп есептелсе бала, кем дегенде келесі кепілдіктерге ие:

i) оның кінәсі заңға сәйкес дәлелденбегенше, кінәсіздік презумпциясы әрекет етеді;

ii) балаға қарсы айып тағылған жағдайда, баланы дереу және тікелей ақпараттандыру, қажет жағдайда, ата-анасы немесе заңды қамқоршысы арқылы баланың құқықтық немесе басқа да көмекке жүгіну мүмкіндігіне ие;

iii) Әділетті тыңдау кезінде заңға сәйкес, адвокаттың немесе сол дәрежедегі субъектінің қатысуымен, тәуелсіз және бейтарап органмен немесе сот органымен еш тоқтаусыз шешім қабылдануы қажет. Атап айтқанда, әділетті тыңдау кезінде, ешбір баланың мүдделеріне қарама-қарсы келмеген жағдайда, баланың жасы және ата-анасының немесе заңды қамқоршыларының жағдайлары есепке алынады;

iv) кінәні мойындауға немесе куәгерлік жауапкершілікке мәжбүрлеуге еркіндік; айыптаушы куәгерлердің жауаптарын өздігінше немесе басқа субъектілердің көмегімен, сондай-ақ қорғаушы куәгерлердің жауаптарын бірдей құқылы қабылдауын қамтамасыз ету;

v) қылмыстық заңнаманы бала бұзды деп есептелсе, заңға сәйкес тиісті шешімді және кез-келген қолданған шараны,жоғары, құзыретті, тәуелсіз және бейтарап органмен немесе сот органымен қайта қарастырылуы;

vi) егер бала сотта немесе тиісті органда қолданыстағы тілді түсінбесе немесе ол тілде сөйлей алмаса, аудармашы тегін көмек көрсетеді;

vii) Іс қаралу сатыларының бәрінде баланың жеке өміріне толық құрмет көрсету;

Сондай-ақ Конвенцияда, бала қылмыстық заңнаманы бұзса, бұзды деп айыпталса немесе заңнаманы бұзғанын мойындаса, қатысушы-мемлекеттер заңдардың, рәсімдердің, органдар мен мекемелердің, яғни тікелей балаларға қатысыты ұйымдардың белгілі дәрежеде заңдардың бекітілуіне көмек көрсетеді. Ерекше атап айтылатын:

а) минималды жасты бекіту, осы минималды жасқа бейімделе отырып, бұл жастан төмен балалар қылмыс жасауға қабілетсіз болып есептеледі;

b) қажеттілік жағдайында, адам құқықтарын және құқықтар орындалу кепілдігін сақтай отырып, сот карауынсыз шара қолдануды есепке алу[6].

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қол қоюымен (16 ақпан 1994 жылы, Нью-Йорк қаласы), және 8 маусым 1994 жылы ҚР Жоғарғы Кеңесімен ратификацияланған бұл Конвенция, халықаралық келісім шарттардың алғашқылары қатарында болды.

Бірқатар басқа халықаралық актілер нормалары, олардың қатарында ратификацияланған: 4 шілде 2001 жылы ратификацияланған, балалардың қарулы қақтығыстарға қатысуы туралы Конвенцияға қосалқы Факультативті қарары, сондай-ақ, балалар саудасы, балалар проституциясы және балалар порнографиясы туралы Конвенцияға қосалқы Факультативті қарары, оған қоса, 14 шілде 2011 жылғы хабарлау рәсімдері туралы Конвенцияға қосалқы Факультативті қарар және 9 сәуір 2016 жылғы балалар үшін алименттер талап етудің халықаралық реті туралы Конвенция. Бұл Конвенцияда алимент мәселесі бойынша барлық міндеттемелер жазылған, ал барлық қарарлардың бірігуі Конвенция конкретизациясына ұласады. Сондай-ақ, берілген қарарлар баланың мүдделерін, құқықтарын және бостандықтарын қамтамасыз ететін қосымша кепілдік берумен қатар, әділ сот төрелігіне мүмкіндік береді.

Конвенцияны және басқа да халықаралық келісімдерді ратификациялағаннан кейін, қабылданған міндеттемелермен сәйкес, ұлттық заңнаманы келтіру процессі басталды. Қылмыстық заңнама да шеттетілген жоқ.

Осылайша, тәуелсіз бөлімнің болуы, жаза түрлерін және жүйені реттеуге, бұл аспектілерді кәмелет жасқа толмаған адамдарға тағайындауға мүмкіндік берді. Бұл халықаралық деңгейдегі міндеттемелерді нақты іске асыру, ұлттық қылмыстық заңнама қарсаңында орындалды. Кәмелетке толмаған жастардың, қылмыстық заңнама ерекшеліктерін реттеу туралы нормаларды біріктіру, олардың жүйелілігі, бұл жас категориясының психо-

[6] *Конвенция о правах ребенка от 20 ноября 1989 года. - Информационно-справочная система «Юрист».*

физиологиялық ерекшеліктерін есепке алуға мүмкіндік береді. Конвенцияда алдын-ала қарастырылғандай, бұл мүмкіндік жазалау кезінде және жазаны орындау барысында қолданылады.

Мысалға, қолданыстағы қылмыстық заңнама, көбінесе Конвенцияның 40 бабындағы қағидаларға сәйкес келеді және бір деңгейде имплементацияланған. Осылайша, аталған бабтың, 3-ші тармақ, «а» тармақшасына сәйкес, қатысушы-мемлекеттер «минималды жасты бекітуге ұмтылыс жасау керек, осы минималды жасқа бейімделе отырып, бұл жастан төмен балалар қылмыс жасауға қабілетсіз» қағидасын негізге алуы қажет.

Осылайша, ҚР ҚК сәйкес, қылмыстық заңмен бекітілген минималды жасқа жеткен, жауаптылыққа қабілетті физикалық тұлға, қылмыстық жауапкершілікке тартылады деп анықталады. ҚР ҚК 15 бабы екі жас белгілерін айқындайды. Олар: 1) Жалпы. Яғни, 16 жасқа толумен ұласады. 2) Ерекше. Яғни, тұлғаның 14 жасқа толуы.14 жасқа жетпеген жасөспірімдер, қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды, себебі, толыққанды әрекеттерінің қаншалықты қоғамға қауіпті екенін аңғармайды және әрекеттерін басқара алмайды [3, с. 451].

ҚР Жоғарғы Сотының тиісті Нормативті Қаулысында, туған күнінде емес, түнгі 12:00-ден кейінгі келесі күнінде, белгіленген жасқа жеткен жасөспірім ретінде анықталады. Ескертпе, кәмелетке толмаған жасөспірімнің, тиісті құжаттардың болмауы, немесе құжаттардың шынайылығында күмәндану жағдайында, сараптама тағайындалады. Сарапшылармен анықталған минималды немесе максималды (мысалы, 14-тен 15-ке дейін) жасқа қарап, сараптамамен ұсынылған минималды жасқа сүйенеді[7]. Егер, жасөспірім белгіленген жасқа жетіп, алайда, психикалық бұзылумен байланысты емес, психикалық дамуы тежелсе, қылмыстық құқықбұзушылық жасау барысында, әрекеттерінің қоғамаға қаншалықты қауіпті екенін аңғармай, әрекеттерін басқара алмаса, қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды.

Қылмыстық жауапкершілік 14 жастан басталатын қылмыстар тізбесі, толық тізбелі және 30 баптан тұрады. Барлық баптар қылмыстық заңмен, ауыр қылмыс және аса ауыр қылмыс қатарына енгізілген. Осылайша, 14 жастан бастап, тек ауыр қылмыс немесе аса ауыр қылмыс жасалған жағдайда ғана, қылмыстық жауапкершілік тағайындалады. 14 жаста қылмыстық теріс қылық жасалған жағдайда, қылмыстық жауапкершілік тағайындалмайды. Бұл адамгершілікті дәріптейтін тәсіл, 14 жастағы жасөспірмге тағайындалатын қылмыстық жауапкершілік кезінде көрінеді. Сондай-ақ, бұл әдіснама жасөспірімдердің қылмыстық мәселелерін шешу кезеңінде, халықаралық-құқықтық дәрежеде қолданылатын тәсілдерге сәйкес келеді.

ҚР ҚК жасөспірімдердің жас ерекшеліктері, жауапкершілігін анықтау мақсатында ғана емес, сондай-ақ оларға берілетін жаза түрін белгілеу үшін жазылған.

ҚР ҚК жасөспірімдер үшін арнайы жаза түрін қамтамасыз етпейтініне қарамастан, заң тұрғысынан жазалау түрлері бекітілген. Келесі жаза түрлері оларға тағайындалмайды: өлім жазасы, қамау, меншік тәркілеу, арнайы, әскери немесе құрмет дәрежелерінен айырмау, шенеуінен айырмау, дипломатиялық рангтен айырмау, біліктілік жайындағы мемлекеттік марапат, белгілі-бір қызмет орнын иеленуі жайлы құқықтан босату, ҚР сыртына азаматтығы жоқ немесе шет ел азаматын елден қуу.

Бұдан басқа, ересек адамдардың жасөспірімдермен салыстыру барысында, жазалау дәрежесі сәйкесінше төмен екенін көруге болады. Мысалға, ересек адамдарға айыппұл көлемі 25-тен 500-ге дейінгі айлық көрсеткішті құраса, жасөспірімдерге берілетін жаза көлемі 10-нан 200-ге дейінгі айлық көрсеткішті құрайды, жасөспірім өзі ақша табатын шартпен бекітіледі.

Ескертпе, жасөспірімге жазалауды тағайындау кезеңінде, қылмыстық-жаза қолданылатын әрекет мән-жайы ғана ескерілмей, жасөспірімнің тұрмыс-жағдайы және тәрбиесі, сондай-ақ жасы үлкен тұлғалардың ықпалы да есепке алынады[8].

Конвенцияның бөлек нормалары, қылмыстық заңнамаға имплементацияланған және жасөспірімдерге секілді, ересек адамдарға да таралады. Себебі, адам және адамзат құқықтарына әсер етеді. Мысалға, қылмыстық құқықтың уақыт ішінде әрекет етуі. Конвенцияның 40-шы бабы, жасалынған теріс қылық, қылмыс жасау кезінде, қылмыс деп мойындалмаса, жасөспірім қылмыстық жаупкершілікке тартылмайтынын анықтайды. Жалпыға бірдей адам құқықтары туралы Декларациясының 11-ші бабында ұқсас мазмұнды норма жазылған «ешкім қандай да бір теріс қылық немесе әрекетсіздік үшін,

*[7] Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 11 апреля 2002 года «О судебной практике по делам о преступлениях несовершеннолетних и о вовлечении их в преступную и иную антиобщественную деятельность». Информационно-справочная система «Юрист».*

*[8] Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (том 1)/ Под общей ред. А.К. Даулбаева. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015 б.*

сол теріс қылық немесе әрекетсіздік жасалған уақытта, ұлттық заңнамамен немесе халықаралық заңнамамен қылмыс ретінде қаралмаса, бұл қылмыс үшін жауапкершілікке тартылмайды»[9]. Аталған халықаралық келісім-шарттарға сай, ҚР ҚК 5 бабы қылмыс жасау және жаза тағайындау, сол уақыт шеңберіндегі әрекет еткен заңмен анықталатынын, қарастырады[10]. Яғни, қылмыстық заңның әрекеті қатал уақыт шеңберімен нақтыланған.

Осылайша, қылмыстық заңнамаға, жалпы халықаралық стандартты нормалар имплементацияланған. Бұл нормалар жасөспірімдерге қатысты қылмыстық жауапкершілікті және жазалауды қарастырады.Кейінгі имплементация қарастырудағы мәселенама шеңберінде, басынан бастап, қылмыстық заңнаманың жанжақты шолуын болжау керек. Содан соң, жаңа халықаралық келісім-шарттар жазылып, ратификацияланатынын есепке ала отырып, қылмыстық заңнаманың мерзімді қаралуы керек.

Бұл аспектіде үлкен мағынаға құқықтық мониторинг ие. Құқықтық мониторинг жағдайды бағалау және заңнаманың келешектегі тиімділігін болжау, оған қоса ҚР үшін қарама-қарсы келетін заңнаманы анықтау мақсатында жүргізіледі. Сондай-ақ, ескірген, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра алмайтын, тиімсіз жүзеге асырылатын құқық нормалары, және оны дамыту жөніндегі ұсынамаларды қарастырады[11]. Құқықтық мониторинг шеңберінде, Қазақстанмен ратификацияланған халықаралық келісім-шартқа сай емес, оған қоса қосымша имплементацияны талап ететін нормаларды және қылмыстық заңнаманы ортатуға болатынын болжаймыз.

Сондай-ақ, халықаралық компонентті есептеу, заңгерлік сараптама кезінде көрініс таба алады. Бұл жағдайда, нормативті-құқықтық актіні тексеру немесе қабылданған нормативті-құқықтық актіні ҚР Конституциясына және ҚР заңнамасына сәйкестігін тексеру үшін, және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың жұмысын тексеруімен түсіндірілуі мүмкін[12]. Сараптаманы жүргізу кезеңінде, нормативті-құқықтық актінің сәйкестігін, Қазақстанмен ратификацияланған халықаралық келісім-шарттардың сәйкестігін зерттейді. Себебі, Конституцияда бұл келісім-шарттардың статусы көрсетілген.

Оған қоса, ғылыми пікірталасқа сүйенсек, қылмыстық-құқықтық нормаларды, ұлттық заңнамағаимплементацияжасайотырыпәрекет ету кезінде құқықтық шеңбер анықталуы тиіс.

## ӘДЕБИЕТ

*1. Международное уголовное право: словарь-справочник (авт.-сост. Ахметов Е.Б., Ахметов Б.У.) – Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2015. – 376 б.*

*2. Большой юридический словарь / Под ред. Сухарева А.Я., Зорькина В.Д., Крутских В.Е. – М.: ИНФА-М., 1998. – 790 б.*

*3. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (том 1)/ Под общей ред. А.К. Даулбаева. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015 б.*

## REFERENCES

*11. Mezhdunarodnoe ugolovnoe pravo: slovar'-spravochnik (avt.-sost. Ahmetov E.B., Ahmetov B.U.) – Almaty: TOO «Izdatel'stvo LEM», 2015. – 376 b.*

*2. Bol'shoj juridicheskij slovar' / Pod red. Suhareva A.Ja., Zor'kina V.D., Krutskih V.E. – M.: INFA-M., 1998. – 790 b.*

*3. Borchashvili I.Sh. Kommentarij k Ugolovnomu kodeksu Respubliki Kazahstan. Obshhaja chast' (tom 1) / Pod obshhej red. A.K. Daulbaeva. – Almaty: Zheti Zharғy, 2015 b.*

*[9] Всеобщая декларация прав человека от 10 декабря 1948 года. - Информационно-справочная система «Юрист».*

*[10] Уголовный кодекс Республики Казахстан от 5 июля 2014 года - Информационно-справочная система «Юрист».*

*[11] Закон Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах». - Информационно-справочная система «Юрист».*

*[12] Закон Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах». - Информационно-справочная система «Юрист».*